


**Ақ Жайықтың №1 журналы**



**Тарихи, танымдық  
тәрбиелік бағыттағы білім,  
ғылым, өнерді насхаттайтын  
тұңғыш батысқазақстандық  
басылым.**



**[www.danakaz.kz](http://www.danakaz.kz)**

+7 777 194 44 77



Қайреден ЖҰМАШЕВ,  
зейнеткер,  
Тасқала ауылы,  
Батыс Қазақстан

## ӨНЕР АДАМДАРЫ

Өткен өмірге көз салып отырсам, жасымнан қашшама өнер адамдарымен дәмдес, аралас-құралас болған екемнін. Олардың әрқайсысына арнап дастан жазуға тұрады. Менің негізгі айтқым келіп отырған адамым – Аюпов Биболат аға.

Мен Жәнібекке 1967 жылдың қараша айында, 21 жасымда алғаш келіп, №9 училищеге қызыметке орналастым. Училище директоры Мұғалім Хайранов менің бүрін Жаңақазанды училищеде істегенімді сурап білгесін, сөзге келмesten, өндірістік оқу мастері етіп тағайындағы. Сол оқу орнындағы мәдениет жағын басқаратын қызыметкер Айғаным менің домбыра тартатынымды естіп, бар билетін күйлерімді магнитофонға жазып алды. Сол жазбаны күнде ерте-мен сағат 7-ден бастап, сыртқа орна-тылған дыбыс күштікші бар дина-миктер арқылы қосып қояды. Қыстың, күні ертеңгі ауамен біраз жерге магни-тофон дауысы естіліп тұратын. Бір күні конторга телефонға шақыртып жатыр

дегесін барсам, Биболат Аюпов ағай екен. Мен ол кісіні бүрін естіп, білген емесспін. Жәнібек аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі екен, мені өзіне көмекшілікке шақырды. Мен арнайы білімінің жоқтығын және күйді аса көп білмейтіндігімді айтып көріп едім, Алматыда жүргендеге фурмандық (жал-пақтадық) Махамбет Кариннен бір күнде 4 күй үйренгенімді де естіген екен. «Мен саған білмеген күйлерінді үйретемін, ал сен оркестр басқар, менің өзімнің үйретіп, басқарып отыра-тын үақытын көбіне болмай қалады», - деді. Әртүрлі сұлтау айтып, ол жолы бармай қалдым, бірақ әрбір мейрамда мені қалдырмай, концерттерге қатыс-тырып жүрді. Орал қаласында 1968 жы-

лы өткен ВЛКСМ-ның 50 жылдығына ар-налған фестивальға жәнібектіктер үл-кен хормен, оркестрмен қатыстық. Мы-на екі фото сонда түсірілген (суретте).

1968 жылғы фотода тәменгі қатарда оң жақтан, алты айелден кейінгі же-тінші отырған Биболат аға. Сол тәмен-дегі сол жақ шеттегі мен – Қайреден, биши Тәтті, қобыз ұстап отырған Миуа апай, аудандық атқару комитетінің қызы-меткерлері – Эмина апай Дүйсенгалие-ва немересімен, Мырзаш Исмағұлов, оң жақ шеттен үшінші мандолинамен отырған Тәнзила Дауова, тәртінші – дирижер Таисия.

Биболат аға 1969 жыл басталғасын оркестре 80-90 адам жинап, өзі столдың устіне орындық қойып отырып, Құрманғазының «Сарыарқа» күйін екі-үш соғыстан талдаپ отырып тартып, сонша адамға бір жұмаса жеткізбей үй-ретіп шығарды. Ол кездे қазіргі Орда ауданының ауылдарының көбі Жәні-бекке қарайтын.



Участники фестиваля, посвященного 50-летию ВЛКСМ.  
г. Уральск. 1968 г.

Көп кешікпей Волгоград облысының көршілес жатқан Палласовка ауданының совхоздарын аралап, үлкен концерт бердік. Сол 1969 жылы Қазталовта өткен аймақтық ауданаралық фестивальде Биболат аға басқарған жәнібектіктер бірінші орынды иемдендік. Арасында қонақтық сияқты басқосуларда Биболат аға өзі көбіне Динаның «Байжұма» күйін орындаушы еді. Талай рет сақнаға да тартты. «Қайрат» совхозының екінші бөлімшесіндегі бухгалтер болып істейтін Қайыржан аға Айбатовқа Сейтектің «Шәрипа» деген күйін тартқызады. 1968 жылғы ВЛКСМ-ның 50 жылдығына түскен фотодағы түркегеліп түргандардың қақ ортасындағы, оң жақ омырауында ромбик таққан – сол Қайыржан аға! Қайыржан аға ол күйді бабына келтіріп орындаушы еді. Бізбен жүргендердің арасында басқа ешкім ол күйді білмейді. Маған үнемі Құрманғазының «Кішкентайын» орындастыратын. Биболат ағада Құрманғазының Ахмет Жұбанов құрастырыған, 51 күйі нотамен басылған кітабы бар екен, маған өзі беріп, «Осыдан керек күйлерді үйреніп ал» деген болатын. Мен нотаны Әзидолла Есқалиевтің «Домыра үйрену мектебі» деген кітабынан аздаپ үйренгенмен. Сол нотамен басылған Құрманғазының кітабынан «Тере-

мұрат», «Саранжап», «Не кричи, не шуми!», «Кішкентай», «Көбік шашқан», «Ертең кетем», «Перовский марш», «Аман бол, шешем, аман бол!» т.с.с. біраз күйлерін үйренген едім. Биболат аға өзі жоғары оқу орнын физика-математика мамандығы бойынша Алматының ҚазГУ-інен бітіріпти, бірақ тұа біткен талант енер жолына қайта алып келген фой!

Жүрген жерінде, жиындарда адамдардың көнілін көтеріп, әзіл-қалжынмен думандатып жүретін адам еді марқұм! Ешкімге ешuaқытта қатты сейлемейтін.

Сол 1969 жылдың жазында еңбек демалысын алып, Фурманов ауданындағы ағайындарына барып келе жатқан жолда ыстықта өзенге шомылуға суға түскенде сіңірі тартылып қалып, мерт болды. Бар болғаны 36 жасында қайтыс болды, тіптен балалық жас екен фой. Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болғай! Ол кісі тірі болғанда менің, емірім енер жолында eter ме еді, кім білген?..

Әкесі Әйіп қарт, жолдасы Надежда апай, балалары аңырап қалды да барды. Дегенмен «Орнында бар оңалар» деген фой, Надежда апай шаңырағын шайқалтқан жоқ, балаларын адам етіп тәрбиеледі, өзі педагог еді, алі сол Жә-



нібекте тұратын көрінеді.

Биболат аға құраган домбыра оркестри де ісін жалғастырып, дирижері міз Еділман деген жігіт, Жәнібек аудандық мәдениет болімін Болат аға Әжиеев басқарып, 1972 жылдың 5-ші қаңтарында республикалық фестивальде, Алматыдағы Абай проспектісінде жаңадан





салынған Лермонтов атындағы театрда оркестрмен Сыдық Мұқамеджановтың «Шаттық Отаны» симфониясын, Мәкәлім Қойышбаевтың «Советтің Қазақстан» симфониясынан фрагмент, Құрманғазының «Адай», «Сарыарқа», «Көбін шашқан», «Түрмеден қашқан» күйлерін, Ахмет Жұбановтың «Би күйін», 1-2 шетелдік шығарманы орындадық. Оркестр құрамындағы ордалық Асқар Зарипов примамен «талтақтаңқанда», бүкіл оркестр соған құлағымызды түріп ілесуші едік. Дирижерлеріміздің өздері де сол Асекенің тартысына қарап қол сілтейтін сияқты болып көрінуші еді маған! 1968 жылы ВЛКСМ-ның 50 жылдығындағы фотода ең артта, сол жақтан екінші түрган, аздал қасқа бастау келген – сол Асқар Зарипов аға. Бұл кісі Қазталовта 10-шы класта оқығанда бізге машинатану сабағынан дәріс берген болатын.

Мені Биболат аға өзі сол қанатқа алдан бірінші орынға отырғызған болатын, шамалылау білетіндегі сениң қолыңа қарап тартатын болады деп, үнемі солай болды. Домбырашылардан есімде қалғандары: Ордадан – Айғали, Бигали, Мұрат, Газзитовтар; Жангазы Темірәлиев баласымен (Жангазының сол баласы бүтінде мемлекеттік Құрманғазы оркестрінде ойнайды!) Каспи Жақатов, Ермек Қазиев, Жанболат Аюпов. Жәнбектен – Қадер, Бәкар, Орақбаевтар; Ерназар, Сәбит Ғұба-

шевтар; Тельман Каримов інілерімен, Мендіхан Каримов, Маңсұт Машаев, Бақтыбай Бахитов, Шайхолла Мұхамбетқалиев, Жолмұхан Қауденов, Ерболат Түйебаев, Бияқай Есмурзин, Жәдігер Мұстафин, Хисмет Шаққалиев қарындастымен, Мұрат Әбділмансов, Мұрат Мұхамбетқалиев, Нұрым Сидағалиев, Қалиасқар. Әр кезде қатысқандардан: оныншы класты қатарлас оқыған Рая Шынтемірова, баяншылар Бақыт Ғұсманов, Садық Ерғалиев, Фиылмаш Артықов, соңынан бар өнерін фокусқа ауыстырып кеткен Қанат Қажымұратов, бірде баянда, бірде прімада ойнаған жәнбектік композитор Уахит Сариев, ордалық баяншы Ерболат Фаниев, виолончельде жәнбектік Мәдін Хамзин, қобызыда Галымжан Қаташев, Бақтыбайдың зайыбы Миуа апай, бас домбырада Халилла Мұқанов, примада Базарбай Жұманиязовтың інілері Қабер мен Тағат, мандолина да Тәңзила Дауова, биші Тәтті, әншілер Кенжеғали Балағасов, Мендіхан Бәсеров, Базар Жетпісов, Бекболат Машканов, тағы басқа қатысушылар: Зұлхарнай Қарамундинов, Гайнөш Дегетаев әйелі Маржанмен, Сагындықов Максим, Айдын, Құләш, Нәсіпқаным, әр кезде дирижер болған Құлаш, Таисия, Еділман т.с.с., көбін үміттім! Бисен ауылында көзінде мықты домбырашы болған Қазиев Еседлің баласы Ермек, жасынан домбыра тартқан вир-

туоз орындаушы, күйлерді аса шапшаң тартқанды үнатады, сондықтан оны «Сен оркестрді шатастырасың» деп, бас-қаруши дирижерларымыз қолына бас домбыра үстәтіп, арт жаққа түрғызып қоятын. Сол Ермек әлі қоған жок, Оралда әлі өнер жолында жүр, баласы өзінен де артық тарта ма деп қалдым. Жәнбектік қарт домбырашы Өтеген ага Жұмашев бар, бірақ ол кісі мен қатысқан концерттерде болған жок.

Алматыда бізді жаңадан салынған «Алматы» қонақүйіне орналастырды. Мені бастырымыз Болат аға Эжиеv қасына алып, б-шы қабаттағы 636-бөлмеме жаттық. Қаршы бөлмемде ордалық Әбілхатин Темірболатқа (Темеш) екі-үш күн қатарынан қалалық жігіттер келіп жүретін еді, солардың бірі аранжировка жасадым деген желеумен, атын авторлардың қатарына үшінші етің қосып жаздырып, Сырбай Мауленовтің өлеңіне Темеш Әбілхатин шығарған «Соғыстан қайтқан солдаттар» деген әнді «Мәдениет және тұрмыс» журнальның мұқабасының соңғы бетінің ішкі жағына бастырыды. Ол әнді ауық-ауық телевидение, радиодан естіп журмін.

Темеш Әбілхатинмен 1963 жылдың март айында Бисен ауылындағы бір тойда көріп, алғаш таныстым. Өзі баянда ойнап, Шәмелов Аспандияр деген жігіт екеуі әндерді әқыртып айтып отырды, дауыстары санқылдаған, күшті болатын марқұмдардың!

**Жалғасы келесі санда**

**Отырғандар солдан:** Қайреден, Орақаев Қадер, баянмен Сарiev Уахит, Қадетдің тұсындағы Шынтемірова Рая  
Оң жақтан бірінші түрган Аюпов Биболаттың інісі Уалеш, сол жақ шетте Уахитов Амангелді, 1974 жыл, Орал қаласы